

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы бойынша жер алығының мөлшерлемерін арттыру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2025 жылғы 26 қарашадағы № 27/5 шешімі

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 2-тармағымен.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 582-бабы 1-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасы жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелері Қазақстан Республикасының Салық Кодекстің 577, 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен 50 (елу) пайызына арттырылсын, автотұрақтарға (паркингтерге), автожанармай құю станцияларына бөлінген, казино орналасқан жер учаскелерін қоспағанда, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелеріне, соған сәйкесінше:

- 1) елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер;
- 2) елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына жатпайтын жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының
төрағасы *Ж. Елеусізов*